



Астана қ.

2023 ж. сәуір - мамыр

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Алау» әскери-спорттық ойынының Республикалық финалын қашықтық форматта өткізеді.

«Алау» республикалық ойынының мақсаты - жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмыс мазмұнының сапасын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру.

«Алау» республикалық ойыны әскери-патриоттық және дене тәрбиесіне ықпал ететін оқушылармен жұмыстың маңызды формаларының бірі.

«Алау» республикалық ойыны әскери-патриоттық сипаттағы іс-шаралар кешенін қамтиды. Оның мазмұны жауынгерлік, атыс, саптық, дене шынықтыру дайындығын, туристік-өлкетану қызметі бойынша іс-шаралар өткізуді көздейді. Бұл түрлі жиындар өткізу, оқушылардың әскери-патриоттық клубтарын құру болып табылады.

Республикада 1490 әскери-патриоттық клубтар бар, онда 22 мыңнан астам оқушылар тарихты, қарулы күштердің және мемлекеттің рәміздерін, геральдика тарихын зерделейді, дене шынықтырумен және іздестіру жұмыстарымен айналысады, жазғы далалық жиындарға қатысады. Сонымен қатар, оқушылар зерттеу жұмыстарының алғашқы дағдыларын игереді, туған өлкенің тарихын зерттейді.

Республикалық ойынның финалына облыстық, қалалық (Астана, Алматы, Шымкент) іріктеу турларының жеңімпаз командалары қатысады (180 қатысушы).

Республикалық ойын ережелерінде мыналар қарастырылған:

- бөлімше құрамында саптық тәсілдерді орындау, салтанатты шерумен өту, саптық әнді орындау, команданы бір қатарда сапқа тұрғызу, саптан шығу;

- «Ерлікке жүрегіңмен жақында» Ұлы Отан соғысы кезіндегі патриоттық әннің сахналанған байқау-сайысы;

- турникке тартылу, арқамен жатып денені көтеріп түсіру;

- «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Ерлік!» Ұлы Отан соғысы ардагерінің немесе тылдағы еңбек ерінің, жерлес батырдың тағдыры туралы тарихи-өлкетану зерттеу жобасын қорғау;

- АК-74 ММГ бөлшектеу және жинау.

Республикалық ойынды өткізу оқушылардың бойында болашақ қорғаушының негізгі қасиеттерін: патриотизм, төзімділік, батылдық пен табандылық, тәртіптілік, серіктестік, ұжымшылдық және достық сезімін дамытуға бағытталған.

Республикалық ойынның қорытындысы бойынша жеңімпаз командалар І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен, жеңімпаз командалардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондарға хабарласыңыз: 8 (7172) 64-75-93, 8 (700) 313-27-88; e-mail: alaukz@inbox.ru